

# АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Рухы мықты тұлға



«Дүние – дүрмек,  
Астасуда жер мен көк»  
Жоғалмады ештеңе  
Ештеңе де өлген жоқ,  
**Е.Евтушенко**

**Оның өнердегі жолы да, өмірдегі болмыс-бітімі де өзгеше еді... Жүрісі, тұрысы, көзілдіріктің ар жағынан мына ұлы дүниенің кез келген құбылысына ойлана қараған жанары, алақанын алақанына үйкеп-үйкеп, ысып-ысып жіберген сәттегі айналасына шуақ шашқан мейірімді күлкісі... Ешкімге ұқсамайтын еді... Өзі де, сөзі де, мінезі де, жазуы да ұқсамайтын...**

Екеуіміз 1965 жылдың қыркүйегінде танысып едік. Ескі Үкімет үйінің ғимаратына орналасқан ҚазМУ-дің бас корпусының алды ығы-жығы адам... Оқуға жаңа түскен қыздар мен жігіттер... Қаз-қалпы көз алдымда... Алғашқы қоңырау... Алғашқы лекциялар... Үлкен-үлкен аудиториялардың сірескен ұзын үстелдеріне жайғасқан курстастарым бірінен соң бірі тізіліп өтіп жатыр көз алдымнан. Қилы-қилы мінез, алуан-алуан дауыстар... Сол дауыс, сол бейнелердің арасынан әлдебір студенттік аудиторияның алыстау түкпірінен маған нұрлы көздерін қадап, көзілдірігін сұқ саусағымен әлсін-әлсін көтеріп, жымия қарап, үнсіз отырған сұлу өнді, кереқарыс маңдайлы, аққұба жігітке көзімнің түскені есімде. Ол маған таныс адамына қарағандай

үнсіз қадалады... Мен жан-жағыма қарадым. Басқаға емес, тұп-тура маған қарап отырғанын анық сездім. Екеуміз алыстан осылай алғаш көзбен амандастық. Соңыра үзілісте қол алысып, кәдімгі ер-азаматтарша таныстық.

– Нұрлан... – Қол создым.

– Әділбек... – Ол да қолын ұсынды.

Сабақтан соң Әділбек екеуміз бұрынғы Киров көшесінің бойына түстік. Алатаудың ақ толқын мінезді майда самалы алаңдар мен көшелерді кезіп, алтын күздің алғашқы сарала жапырақтарын ебіл-себіл қуалаған ертегідей бір көрініс.

Сөздің неден басталғаны есімде жоқ, бірақ әңгіме төркіні тек әдебиет туралы болғаны анық жадымда... Сол тұстағы қолына қалам ұстаған қазақ жазушылары мен ақындарын түгендедік. Орыс, батыс әдебиетінің біраз өкілдерін айттық. Әдебиет дейтін киелі дүниеге ғашық екенімізді бірімізге-біріміз танытып, бірімізге-біріміз сүйсініп, біріміздің әңгімемізге біріміз тамсанып, өзен бойын кезіп бір қауым уақыт сейіл құрдық. Ұзақ жүрдік. Әңгімеміз бітер емес. Ол кезде қазіргідей Кіші Алматы өзенінің жағасы ығы-жығы биік үйлер емес, алма, шие, өрік ағаштары өсетін қою бақ болатын. Алматы дейтін әсем қаланың табиғат-анадан жаңа туғандай көмкеріліп тұрған шағы. Астаң-кестең бұрқырап, ақ көбіктеніп ағып жатқан тау өзенінің жағасы ақ жонды қой тастарға толы...

Сол қой тастардың ортасында тұрып, Әділбектің маған қатты тебіреніп:

– Алматының осы бір төрі біздің ауылға қатты ұқсайды – дегені есімде.

– Біздің таудың жабайы сайлары да осындай... – дедім мен де.

Сонан соң... Әділбек мені өзен бойынан аса қашық емес жердегі пәтеріне ертіп барды. Осы күнгі Зеньков көшесі ол кезде Пролетар көшесі болатын. Пролетар көшесі, 65 үйге келдік. Біріне-бірі иыр-қиыр жалғасып, іркес-тіркес салынған ескі Алматының подвалды ескі жалғыз қабат үйлері. Ескі аула. Қақпадан кіре бере оң жақтағы подвалға түстік. Әділбек Зайсаннан бірге келіп, оқуға түскені, түспегені бар, бір топ жерлес жігіттерімен осында пәтер жалдап тұрады екен. Ала-көлеңке жарық. Бөлме іші дымқылдау.

– Нұрлан, екеуміз шәй ішіп, тамақтанайық... – деді ол. Сөйтті де кіре берісте тұрған екі камфорлы ескі газды жақты. Бауыры ысталып, қарая бастаған темір шәугімді газға қойды. Дайын тұрған қуырған вермишель бар екен, соны жылытты... Абажадай бөлменің қақ ортасында тұрған ескі столдың үстіне шәйнек, шәугім, кружка, сары май, нан, шақпақ қант, қуырылған вермишель бар «сковородка» бірінен соң бірі қона бастады.

Екеуден екеу отырып, тойып тамақ жедік, қанып қара шәй іштік.

Әлгінде ғана екеуміз екі жақтан құлағын біраз шулатқан Федор Достоевскийдің кейіпкерлері тұратын ескі үйлердің біріне кіріп кеткендей әсерге бөлендім. Жасырмай, бүкпей сол әсер мен сол ойымды жаңа танысқан досыма айттым.

– Сонда Раскольников кім? Қайсымыз? – деп Әділбек жымыып маған қарады...

– Қой. Өлмесе өзімен кетсін, – дедім мен.

Достоевский дегеннен шығады... Әділбек бес жыл бойы бір күн жатақханаға жатпай, Алматының кісі аяғы сирек тиетін бұлың-пұшпақтарын жағалап, пәтерде тұрғанды ұнататын. Ескі үйлерде «Тёта Наташа», «Тётя Даша» деген орыс кемпірлерінің бір бөлмесін жалдап, өзімен-өзі болып, саяқ жүретін. «Нұрлан, ауылдан келген дәм бар. Әжеңнің ескі дастарқанын сағынып жүрген шығарсың... Жүр кеттік!» деуші еді. Алматыға сыймай, ауылды сағынып жүрген сондай күндердің бірінде студент-ақын Нұрланның досы Әділбекке жазған мына бір өлеңі есіме түсіп отыр.

«Жүр, кеттік, бірге түзге кең,  
сағынсын, досым, ел бізді,  
көктемдер өлең іздеген,  
сағынсын, бізді жел күзгі!  
Қалқып бір ұшып кетелік,  
қанатты жайып алысқа,  
жүрекпен жалын от өріп,  
тіл қатып түнгі ғарышқа.  
Сарыала бақтар...

Алаңдар...

Тамылжып тұрған кештерде...

Алыс аралдар...

Гаваньдар...

Жұлдыздар жанып, өшкенде.

Сарыала құмдар көшкенде.

Салқиып жатқан шөлдерді

арғымақ тұяқ ұрғылап,

сапырып айна көлдерді,

толтырған шақта нұр-бұлақ.

Дүние шешіп жейдесін,

ұлы теңіздерге лақтырып,

жанартауларым сөйлесін,

атыла жаздап, шақ тұрып!

Шаң тіліп байтақ жотаны,

қара жолдарым өрілсін,

сағыныштардың от-әні

қол бұлғап қырдан көрінсін.

Қоңыр үйлердің түтіні,

ғимараттар да биік тым,

дөңгелек жердің бітімі

дөңгелегенде сүйіп күн!..

Жүр, кеттік, бірге түзге кең,

сағынсын, досым, ел бізді!  
Көктемдер өлең іздеген,  
сағынсын, бізді жел күзгі!»  
(күз, 1969 жыл.)

– деген жолдарды оқып отырып, Әділбекпен бірге жүрген, күлген, сырласқан, мына ұлы дүниенің жұмбағы мен құндағын бірге тербеп, сөз дейтін киелі өнерге алғашқы қалам-түренімізді де қатар салған кездерді ойладым. Алыстағы Алтай мен Зайсанның көлін ауызынан тастамай, табиғатқа барынша жақын жүретін табиғаты таза, жаратылысы бөлек досымның бейнесі қаз-қалпы көз алдыма келді...

Сол күні екеуіміз ұзақ сырластық. Мен түн ауа қайтпақшы болып едім. Әділбек жібермеді. Қонып қалдым.

Ертесі екеуіміз лекцияға  
бірге бардық...

Қайран ақ жүрек, адал бозбала  
күндер-ай!

Әділбек екеуіміз аудиторияға кіріп келе жатыр ек алдымыздан Сағат шығып:

– Түнімен ұйқы көрмей, жолыңды күттім. Қайда жүрсің? – деп маған дүрсе қоя бергені есімде. Сағат деп отырғаным, курстас, бөлмелес, абитуриент кезден танысып, тонның ішкі бауындай аралас-құралас болып қалған, тағдыр табыстырған тағы бір досым – Сағат Әшімбаев еді...

Міне, сол сарыала жапыраққа бөленген сары күз ана ғасырдың алпысыншы жылдарында қалды.

Әдебиет дейтін киелі дүниені іздеп, бірі алыс Зайсаннан, бірі Аспантаудың қолтығынан келген Әділбек пен Сағаттың бозбала күнгі бейнелері көз алдыма елестеп өтті...

1965 жылдың аспанын әнмен әлдилеп, өлеңмен көмкерген сол сәт-сағаттар қайыра жаңғырып, есіме өмірден ерте кеткен қатар-құрбы, достарым – Сайлаубек, Ризабек, Есқара, Ғалым, Алма, Үміт, Күлнәзия, Жарасқан, Кеңшілік, Қозы, Баққожа, Мырзабек, Ырым, Алпысбайлар түсті...

Бәрі күні кешегідей... Қаз-қалпы жадымда жаңғырып отыр.

Иә... Әдебиет биігінен көрінуді армандап, алпысыншы жылдары Алматыға келген сол жігіттер мен қыздардың, шынында да өмір мен өнердегі тағдырлары алуан түрлі болды. Әуелдегі су ішкен бастауы, ескек салған арнасы, желкен жайған айдыны бір болғанымен, өмір атты көнекөз қария әрқайсысына әрқилы тағдыр сыйлапты. Біріміз ерте танылдық, біріміз кеш... Біріміз ерте кеттік... Біреулеріміз мына жерүсті дейтін жалған дүниенің бұйрықты сәт-сағатын ойдан, електен өткізіп, Тәңірдің берген дәм-тұзын қаузап келеміз... Өмірде де, өнерде де солай... Биікке құлаш ұрып, пәнәуи дүниені таусылмайтындай, бітпейтіндей көреміз...

Бірақ, бәрі Ұлы Жаратушының құзырында ғой...

Ұлы Жаратушы Әділбектің пешенесіне жер бетінде елу жыл өмір сүріп, балалық балғын шағын Қара Ертістің жағасында өткізу, ертерек есейіп, өзгелерге ұқсамай арман іздеу, үміт қуалау, өрісі кең көркем шығармалар жазу, өркенді биікке көтерілу, аяулы дос, ардақты азамат болып, елінің рухани кеңістігіне қызмет ету, жар сүйіп, бақытқа кенелу, бес перзентінің маңдайынан иіскеп, әкелік рақатқа бөлену тәрізді ердің ері көксейтін дүниелік қызықтарды бір адамдай көру бұйырыпты. Өкінетін, өкіндіретін нәрсе біреу-ақ – өмірінің қысқа болғаны, қаламы енді-енді кеңістікке көтеріліп, биік ұшар қыран құстай қанатын кең жайған тұста, жазары мол кезде көңілімізді құлазытып, жүрегімізді тілім-тілім етіп, айналасына жарығын мол шашып, құйрықты жұлдыздай ағып өткені...

Әділбекті жыға танып, оның шығармашылық әлемімен жақсы таныс кез келген замандасы ол туралы осылай ой өріп, осылай сөз толғары күмәнсіз.

Таңдамалы шығармаларының жаңа басылымы оқырман жүрегіне жол тартқалы отырған қазақтың шын мағынасындағы дарынды драматургы, өзіндік ойлау кеңістігі мен көркемдік әлемін даралап танытар жазушылық бітімі мен суреткерлік болмысы айқын, айшықты Әділбек Тауасаровты жан-жақты тануға мүмкіндік берері шүбәсіз.

Асылы суреткерді оның тағдыры жасайды. Бұл – даусыз ақиқат.

Әділбектің әдебиеттегі тағдыры өзгеше болды. Ол көркемсөз дейтін кірпияз, киелі әлемге үлкен дайындықпен келді. Алғашқы әңгімелері мен өлеңдері мектеп қабырғасында жүргенде жазылған. Көркемдік ойлау жүйесі мен танымы да сол Зайсанда жүріп қалыптасқан...

Алматының асфальтына аяғы тигенде әлем әдебиетінің озық үлгілерімен жақсы таныс, әдеби талғамы бекіп келген Әділбек өзіне де, өзгеге де тым талапшыл еді. Ол жазуды жалғантану мен адамтанудың ең нәзік, ең қасиетті құралындай көретін. Адам жанына терең бойлау, жер бетіндегі пенделік әрекеттерден өзін биік ұстау – Әділбектің өмірлік кредосы-тын. Содан болар артық сөйлеу, артық іс жасау дегенді жан-тәнімен жақтырмайтын. Жаратылысынан бойына біткен бекзаттық болмысы мен тұйықтығы Әділбекті өз ортасында оқшаулап тұратын.

Сол талапшылдығы болмаса үшінші курста жүргенде жазылған «Майлыаяқ» повесін соншама сарғайтып архивінде сақтар ма еді?!.

Бәрімізді таң-тамаша, қайран еткен осы бір көркемдік сүйек-бітімі таза, классикалық деңгейге көтерілген көркем дүниені жиырма-жиырма бір жастағы жас қаламгер жазды деу қиын. Нағыз ұлттық прозаның өміршең үлгісі ғой!..

Әділбектің осы бір жаратылысынан біткен пенделіктен алыс, аярлық атаулыға жаны қас ірілік қасиеті оның шығармаларынан да, жеке өмірінен де анық аңғарылушы еді. Ол өзі ұнатқан, құлай берілген адамдарына ерекше елгезек болатын. Үндемей жүріп, үйдей ауыр

шаруаны иығына салып, қайыспай көтеруге әзір тұратын. Ұнатпаса, жақтырмаса, алысы түгіл, ағайыны болса да, қозғалмай қоятын. Үндемей, бұрылып кететін. Достары, қызметтестері, таныстары осы бір қайсарлығы мен қайраты іште бұлқынған кіршіксіз кісілік мінезі мен тегеурінді тектілігі үшін оны сыйлайтын, құрметтейтін. Әділбектің бойында ата сүйегімен бітіп, ана сүтімен дарыған кісілік пен тектілік менмұндалап тұратын. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын, өзінен гөрі достарының жағдайына көбірек қарайласатын жұмырбас пендеде сирек болатын қасиетіне сүйсінуші едік. Ол осы бір адалдық пен әділдіктің эталонындай көрінетін өмірлік ұстанымынан жаңылған кезі жоқ. Үйде де, түзде де, далада да, қалада да сабыр мен салауатты азаматтық қалыбына қос қанат ете білген Әділбекпен бірге жүрген айларым мен жылдарымды сағынамын. Оған айтқан сырың ауызға берік сандыққа қамалған асыл заттай сақталатын. Артық сөз, артық әңгімеден бойын да, ойын да аулақ ұстайтын. Еңбекқорлық, табандылық, қайсарлық, удеге беріктік, «ала жіпті аттамайтын» таңғажайып күрескерлік сияқты қасиеттері үшін әріптестерінің асыл досты қалай құрметтеп, сыйлайтынының сан куәсі болдым. Ол сергек суреткер, қабырғалы қаламгер, қанатты тележурналист, аса сауатты, білгір редактор, ұлт, ұрпақ санасын тәрбиелеуге ұзақ жыл өмірін арнаған ондаған жаңа сипатты, реформалық бағыттағы телевизиялық көркем бағдарламалардың жетекшісі, авторы бола жүріп, ұлттық телевидениенің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Әділбек көгілдір экранда рухани өнеге мен өнер өрісін кеңейтер қуатты, танымдық тәрбие көзіне айналдыра білді. Теледраматургия, телетеатр, телеспектакль дейтін өмір мен өнер арасына көпір орнатар ұғымдардың қалыптасуына айырықша тер төкті.

Соның арқасында...

Ұлттық сананы әлемдік санаға ұштастырар, кейіпкерлерінің ойлау, сөйлеу, оқиғаға араласу секілді көзге көріне бермейтін, шығарма табиғатын жарқыратып ашар шеберлік мектебін игерген драматург – Әділбек өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап ұлт театрының репертуарын байытар соны дүниелер жазды. Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының көрікті, кемел дүниелерінің біріне айналған «Махаббат аралының» алғаш сахнаға шығуының үлкен оқиға болғаны есімізде!

Жазушыны оның өмірлік ұстанымдарынан бөле-жара қарап бағалауға болмайды. Жазушының ішкі жан-дүниесі қаншама таза, адал болса, азаматтық дүниетанымы кең, кісілік таразы-талғамы мейлінше әділ болса, оның жазған шығармалары да сол өлшем биігінен көрініп, көңілге көрік ұялатады.

Әділбектің әр жылдарда қаламынан туған «Қарашашым, қарындасым», «Әнім сен едің...», «Жол үстінде», «Аққу әні», «Қош бол, вальс!», т.т. хикаяттары мен әңгімелерін, «Махаббат аралы», «Жұлдызым менің»,

«Арманшыл қыз», «Аса құрметті икс», «Сен болмасаң, қайтер ем...» тәрізді республика театрларының репертуарын байытқан сүбелі драмалық шығармаларын сондай таным, сондай таразы-талғамының жемісі деп бағалауымыз керек..

Әттең!.. Қимас адамыңның, аяулы достың жерүсті тіршілігінен әлдеқашан кеткені есіңе түскенде, оның ақ қағазбен бетпе-бет отырып, мына күнгей-көлеңкесі қатар жүретін, кісілігі мен кісәпірлігі кез келген жұмыр бас пенденің жүрегіне қатар қоңсыласа қонақтайтын мінезі жайлы, бір сөзбен айтқанда, мына дүние-жалған жайлы жазғандарын қайыра сараптағанда тіл ұшына жиі оралатын осы бір жалғыз ауыз сөз тағы да көкірегімді қарс айырып, күрсінтіп отыр.

Әттең!

Дос өмірінің қысқа болғаны өкінішті!

Әдебиетті сапалы тұрғыдан байытар, тек өзіне ғана тән байсалды баяндау үлгісінің мүмкіндігін молынан таныта түсер қаншама шығармалар жазылмай қалды?! Қазақ театрының тынысын ашып, қанатын кеңейтер нағыз кәсіби үлгідегі драмалық туындылар қатары толығып, көрермен жүрегін жаулайтын көркем пьесалар енді-енді өмірге келе бастағанда Әділбек қаламының сусып түскені, тәні мен жанының үйлесімін айғақтар Уақыт сағатының кілт тоқтағаны жанға батады!..

Әрине, бұл – талантты қаламгер достың Тәңірден бұйырған мына Жалған-Дүниедегі сағатының тоқтағаны. Бұл – физиологиялық, биологиялық тоқтау. Ал жазушы-драматургтың шығармалары арқылы оқырман, көрермен жүрегіне жол тартқан Рух сағатының тоқтамасына іштей сенемін. Өйткені Рухы мықтылардың сағаты ешқашан тоқтамақ емес.

Біз білетін Әділбек сондай Рухы мықты тұлғалар санатынан еді.

Әділбек шығармаларының екі томдығының тұсауын кесіп отырып, мен осындай бір толқынысқа, тебіреніске толы сәт-сағаттарды бастан кештім.

Асқақ рухты аяулы дос! Аруағың риза болсын.

Тіл ұшына келген түйінді сөз осы болды...

**Нұрлан Оразалин,  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты**